

НАШАР ЕСТИТІН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КООРДИНАЦИЯСЫН МУЗЫКАЛЫҚ-ЫРҒАҚ АРҚЫЛЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байдильдинов Т.Ж.¹, Қарақойшиева А.А.¹

¹п.ғ.к., аға оқытушы, Педагогика және психология институты «Арнайы білім беру» кафедрасы,

²«7М01901 – Арнайы педагогика кадрларын дайындау» мамандығының 2 курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

E-mail: ¹t_baidildinov2020@mail.ru, ²karakoishiyevaa@mail.ru

Мақалада нашар еститін балалардың координациясы, жалпы физикалық дамуы сипатталған. Мақаланың негізгі мақсаты – нашар еститін мектеп жасына дейінгі балалардың координация дағдыларын дамытудағы музыкалық-ырғақтың алатын орны туралы мәлімет беру. Нашар еститін балалардың координациясын музыкалық-ырғақ арқылы дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігі айқындалған. Нашар еститін балалардың координациясын музыкалық-ырғақ арқылы дамыту мәселесі бойынша арнайы әдебиеттерге шолу жасалынды.

Тірек сөздер: нашар еститін балалар, координация, музыкалық-ырғақ арқылы дамыту

В статье описана координация, общее физическое развитие слабослышащих детей. Определена важность и необходимость музыкально-ритмического развития координации слабослышащих детей. Проведен обзор специальной литературы по проблеме музыкально-ритмического развития координации слабослышащих детей.

Ключевые слова: слабослышащие дети, координация, музыкально-ритмическое развитие

The article describes the coordination, general physical development of hearing-impaired children. The importance and necessity of musical and rhythmic development of coordination of hearing-impaired children is determined. The review of special literature on the problem of musical and rhythmic development of coordination of hearing-impaired children is carried out.

Key words: hard of hearing children, coordination, musical and rhythmic development.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың жалпы физикалық дамуы, сонымен қатар есту қабілеті зақымдалған балалардың қозғалу-координация дағдылары, педагогика, дефектология ғылымының мамандарының басты назарында. Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті зақымдалған балалардың қозғалыс -координациясын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалармен дамыту-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруда маңызды орын алады.

Е.Ю.Овсянникова, Н.Б.Губарева зерттеулерінде нашар еститін балалардың физикалық дамуы, қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеттерінің көрсеткіштері бойынша қалыпты еститін балалардан артта қалуда делінген [1].

Нашар еститін мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалу-координация дағдыларын бағдарлау мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалармен дамыту-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруда негізгі орын алады. Есту анализаторларының зақымдалуы нәтижесінде вестибулярлы аппаратта ақаулардың пайда болуы нашар еститін балалардың қимыл-қозғалысты бағдарлау қабілеттерінің дамуында бұзылыстардың пайда болуының себебі екендігін ғалымдар өз зерттеулерінде көрсетіп өткен.

Нашар еститін, естімейтін балаларда қимыл-қозғалыс дағдыларында төмендегідей өзгешеліктер байқалады:

- негізгі моторикада көрінетін қозғалыстардың төмендігі;
- қозғалыстағы меңгерудің салыстырмалы баяулауы;

- статикалық және динамикалық тепе-теңдігін сақтаудағы қиындық;
- кеңістіктік бағдарлауды дамытудың салыстырмалы түрде төмен деңгейі;
- баяу әрекет ету қабілеті, жекелеген қозғалыстарды орындау жылдамдығы және жалпы қозғалыс қарқынының төмендігі;

- қолдар мен саусақтардың ұсақ моторикасының мотор сферасының дамуындағы ауытқулар, уақыт пен кеңістіктегі дененің жеке бөліктерінің қозғалыстарының үйлесімділігі, қозғалыстардың ауысуы, қозғалыстардың дифференциациясы мен ырғағы, олардың жиынтығы үйлестіру қабілетінің бұзылуын сипаттайды;

- балалар мен жасөспірімдердің дене даярлығын сипаттайтын жылдамдық - күш, күш, төзімділік және басқа да өмірлік маңызды дене қабілеттерін дамытудағы артта қалушылық.

Г.П. Лескова өз еңбегінде балалар ағзасына үнемі қозғалыста болудың тән екендігін жазған. Оның айтуынша, ерте балалық шақта мотор сферасының белсенді дамуы жүреді: өмірдің бірінші жылында бала серуендеу мен қарапайым объективті әрекеттерді игереді, содан кейін негізгі қозғалыстардың барлық қарапайым формаларын игереді, сондықтан моториканы және дағдыларды қалыптастыру міндеті балалар мекемелерінің жұмысында үлкен орын алады.

Нашар еститін балалардың дене тәрбиесін жақсарту мәселелерімен айналысқан зерттеушілер (А.А. Коржова, Н.А.Бернштейн, Г.В.Трофимова) физикалық дамудағы ауытқуларды түзету және дамыту мүмкін екендігімен келіседі. Арнайы таңдалған және әзірленген бағдарламалар негізінде жүйелі және мақсатты физикалық жаттығулар көмегімен нашар еститін балалардың физикалық дамуын түзетуде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Л.А.Головнич зерттеуінше, естудің түрлі патологиясы бар балаларда 62% - жағдайда дисгармониялық физикалық дамудың баяулауы байқалатынын атап өткен. Сонымен, естудің бұзылысы баланың физикалық дамуының баяулауымен қатар, жалпы қимыл - қозғалысқа да теріс әсерін беретінін байқауға болады [2].

Қозғалыстарды үйлестірудің күрделі процестері ең алдымен нейрофизиологиялық механизмдермен қамтамасыз етіледі (Н.А. Бернштейн, Н.А. Рокотова, А.Р. Лурия және т. б.). 100 жылдан астам тарихында бұл механизмдер туралы идеялар - мидың басқару функциялары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Адамның моторикасын және қозғалыстарды үйлестіру механизмдерін түсіндіруге қатысты алғашқы ғылыми тәсілдер И.М. Сеченов пен И. П. Павловтың есімдерімен байланысты, олар бұл механизмдерді рефлексия теориясы тұрғысынан түсіндірді [3].

Нашар еститін балаларға арналған музыкалық қимылдарды үйрету- бұл баланың жан-жақты дамуына ғана әсер етіп қоймай, координация дағдыларын дамытуда маңызды бағыт болып табылады. Музыка мен қимылдардың синтезін қолдану балалардың қозғалыс сферасындағы бұзылыстарды, соның ішінде қимылдардың жеткіліксіз дәлдігі, үйлестірілуі мен ырғағын, оларды өз еркімен реттеудегі қиындықтарды жеңу үшін ерекше маңызға ие. (Э.Н.Абилова, Р.Д.Бабенкова, Н.Г.Байкина, В.В.Дзюрич, А.С.Кагарлицкая, В.А.Какузин, Г.В.Трофимова). Нашар еститін балаларға қимылдарды үйрету ең алдымен музыкалық-ырғақ сабағында жүзеге асады. Бүгінгі күнге дейін балаларды музыкаға дұрыс, мәнерлі және ырғақты қимылдар жасауға арнайы бағдарламалық-әдістемелік қолдау жасалды[4] .

Н.А. Ветлугина "Баланың музыкалық дамуы" кітабында атап өткендей, музыкалық даму күрделі және көп мағыналы құбылыс. Оның компоненттері арасында әртүрлі қатынастар бар: табиғи бейімділіктер мен қалыптасқан музыкалық қабілеттер, дамудың ішкі процестері және балаға сырттан берілетін тәжірибе, тәжірибені игеру және одан әрі даму процестері арасындағы қатынастар. Музыкалық білім педагогикалық процесс ретінде баланың дамуының ішкі заңдылықтарын және сыртқы жағдайлардың осы дамуына әсерін ескере отырып, олардың бірлігіндегі ішкі процестер мен сыртқы жағдайлардың барысын қамтиды [5].

Балаларға арнайы білім берудің заманауи жүйесінде музыкалық-ырғақты қолдана отырып, координациясын дамыту жұмыстары қозғалыс және эмоционалды-ерік салаларын, психикалық функцияларды, көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың музыкалық-ырғақтық қозғалыстарымен жұмыс жасау жүйесі құрылған (Э. Б.Абдуллин, Л. Н. Алексеева, Ю.Б.Алиев, Л. А. Безбородова, Н. А.). Мектеп жасына дейінгі нашар еститін балалармен музыкалық-ырғақ арқылы дамыту бағдарламаларын құруға басты назар аударылуы тиіс. Мұндай бағдарламаларды әзірлеу нашар еститін балалардың физикалық даму ерекшеліктерін, дайындығы мен координация деңгейін жан-жақты зерттеуге негізделуі керек. Берілген бағдарламаларда музыкалық-ырғақ арқылы мектеп жасына дейінгі нашар еститін балалардың жеке басын мақсатты дамыту мәселелері жеткіліксіз қарастырылған.

Сонымен қатар, бірқатар авторлар (Ю.В. Демьяненко, 1987; г. Б. Дьяченко, 1993; Е.П. Артамонова, 1996; А. Б. Лагутин, 1997; л. т. Майорова, 1998; А. А. Мирошников, 2000 және т. б.) мектепке дейінгі жаста қозғалу –координация дағдыларын қарқынды дамытудың маңызды алғышарттары бар екенін атап өтті. Атап айтқанда, мектепке дейінгі жастағы қозғалыс координациясын мақсатты түрде тәрбиелеу кезінде олардың жекелеген жақтарының көрінуі даму қарқыны басқа қозғалыс қабілеттері мен қасиеттерінен 1,5-2 есе жоғары, бұл 6-7 жасқа дейін оның одан әрі табысты дамуы және балалардың мектепте оқуға функционалдық дайындығын қамтамасыз ету үшін мықты қозғалыс-координация базасын құру үшін мектепке дейінгі жаста координацияны мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді.

Нашар еститін балалардың дене бітімінің дамуының, дене дайындығының, қозғалыс қабілеттерінің және функционалдық мүмкіндіктерінің төмен деңгейі оларды музыкалық-ырғақ сабағында жүйелі шұғылдануға тарту арқылы координацияны музыкалық-ырғақ арқылы дамыту қажеттілігін туындатады.

Психологтар, физиологтар, педагогтар және дәрігерлер ырғақтық қозғалыстың табиғаттағы және еңбек іс-әрекетіндегі маңызын зерттей отырып, музыканы емдік және тәрбиелеу мақсатында қолданудың мәселеріне баса назар аударады. Музыка мен қозғалыстың органикалық бірлігі керек, қозғалыс музыканың мазмұнын ашуы керек және композицияның динамикасына, темпіне, метроритміне сай келуі қажет. Сонымен бірге, қозғалыстар музыкалық шығарманы саналы түрде қабылдауға итермелейді. Музыка мен қозғалыстың байланысының айқын көріністері ретінде балет спектаклін және спорт түрлерінен мәнерлеп сырғанауды және көркем гимнастиканы да жатқызуға болады.

Музыкалық-ырғақты білім беру жүйесінің негізін қалаушы-швейцариялық музыкант композитор және педагог Эмиль Жак-Далькроз - балалардың жалпы музыкалық қабілетін қалыптастыру құралы ретінде музыкаға қозғалысты қолдану идеясын алға тартты және көптеген балалардың ырғақ сезімі дамымағанына назар аударды. Ол "денеге арналған Сольфеджио" деп атаған ырғақты жаттығулар кешенін дамыта отырып, балалардың жақсы есту-қимыл реакциясын, дыбыстық музыкаға қимылмен тікелей және тиісті жауап беру қабілетін дамытуға тырысты [6].

Н. А. Ветлугина шартты түрде балалардың музыкалық-ырғақты әрекетін музыканы қабылдау және қозғалыста мәнерлілікті көрсету деп екі топқа бөледі. Әрекеттің бірінші тобы біртіндеп сараланатын және дәлірек болатын музыканы тұтас қабылдаумен байланысты. Бірінші топта - бала музыкалық мәнерліліктің кейбір құралдарын бөле бастайды. Іс-қимылдардың екінші тобы музыкалық ойындар, билер кезінде, музыкаға әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде моториканы, қозғалысты дамытуға бағытталған. Балалардың қимыл-қозғалыстарының мәнерлілігінің орындалуына қол жеткізе отырып, олар белгілі бір музыкалық шығарманың ерекшеліктерін дәл жеткізуі керек [7].

Бала өміріндегі музыкалық-ырғақты қозғалыстардың маңызы:

- балалардың эмоционалды әлемін байытып, музыкалық қабілеттерін; дамытады;
- танымдық қабілеттерін дамытады;
- белсенділікке, тәртіпке тәрбиелейді;
- дененің физикалық жақсаруына ықпал етеді.

Музыка тек қозғалыспен ғана жүрмейді, оның мәнін де анықтайды: қозғалыс тек музыканың аккомпанент астындағы қозғалыс болмауы керек, музыка фонында ол сәйкес келуі керек:

- музыка сипатына
- музыкалық мәнерлілік құралдарына;
- музыкалық шығарманың формасына.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыспен жұмыс барысындағы басты бағыт – баланың жүйелі музыкалық дамуы.

А.Н.Зими́на зерттеуінше, мектепке дейінгі кезең - бұл музыкалық әсердің жинақталу кезеңі, әрі музыкалық қабылдаудың қарқынды дамуы. Бұл жас дамуына байланысты, музыкалық-ырғақтық даму сипаты өзгереді. Ерте балалық шақта бала қуанышпен жүгіреді, секіреді, билейді. Бірақ бұл әлі толық орындалмаған іс-әрекет (ойын,би) болып табылады, бұл тек осы процеске ішінара қосылу. Бала бұл жаста дұрыс емес және түсініксіз қозғалады. Осы жылдары балаларды музыкаға эмоционалды жауаптылықты, қабілеттілікті, музыканы тыңдау, есте сақтау және музыкамен байланысты қимылдарды орындауға үйретеді [8].

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстардың балалармен ойындар, билер және жаттығулар түрінде өткізілуінің қозғалтқыш негізі (двигательная основа):

- негізгі жаттығулар –жүру, секіру
- заттармен гимнастикалық қозғалыстар, (доптармен, ленталармен, тулармен, жалаушалармен);
- би қимылдары;
- еліктеуші қозғалыстар: құстардың, адамдардың, жануарлардың, көлік құралдарының әр түрлі әрекеттерін еліктей отырып, негізгі қозғалыстарды орындау.

Музыкалық – ритмикалық бөлімдер бойынша негізгі бағдарламалық талаптар келесідей: музыкалық-ритмикалық жаттығулар және музыкалық ойындар арқылы балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, олардың музыкалық қабілеттерін дамыту, оларға музыканы тұтас, эмоционалды түрде қабылдауға үйрету. Балалар келесідей дағдыларды игеруі қажет:

- музыкамен бір уақытта қимылдарды бастау және аяқтау;
- қозғалыстарын музыка сипатына қарай (сергек,тыныш), регистрлік өзгерістермен (жоғары, төмен), темпке байланысты (жылдам, баяу), динамикаға байланысты (қатты дыбыс, баяу дыбыс) деп өзгерту.
- негізгі қимылдарды орындау (жүру, жүгіру, секіру);
- гимнастикалық жаттығуларды орындау (жалаушалармен, сылдырмақтармен және т. б.);
- бейнелі және би қимылдарын орындау.

А.Н.Зими́на зерттеуінше, бұл қозғалыстардың барлығын балалар әртүрлі жолмен көрсетеді және олар қиял мен шығармашылық белсенділігін дамыту үшін пайдалы материал болып саналады.

Е. Г. Речицкая былай деп жазады: "Сабақтан тыс уақытта естімейтін және нашар еститін балаларға ырғақ пен би сабақтарын ұсынуға болады, бұл шығармашылық мүмкіндіктерді ашуға ғана емес, сонымен бірге баланың мұғаліммен немесе жалпы топпен қарым-қатынасын жандандыруға, олардың ішкі мәселелерін, тәжірибелерін, ішкі қайшылықтарын нақты, дәл білдіру үшін де көмектеседі"[9].

Е. З. Яхни́на "Есту қабілеті зақымдалған балалармен музыкалық-ырғақты сабақтардың әдістемесі" оқулығында да есту қабілеті зақымдалған балалардың даму процесіндегі музыкалық-ырғақтық сабақтар мен хореографиялық сабақтардың маңыздылығын атап өтті [10].

Е.З.Яхни́на зерттеуінше, оқудың төртінші жылында нашар еститін балалардың музыкаға эстетикалық қатынасын тәрбиелеу жалғасады, музыкаға деген қызығушылық пен махаббат, музыкаға эмоционалды жауаптылық дамиды. Музыка мазмұнының қоршаған әлемнің дыбыстарымен және бейнелерімен байланысы туралы қарапайым идеялар қалыптасады. Музыкалық сабақтарда балаларды музыкаға мәнерлі қимылдарды іздеуде қарапайым шығармашылыққа тартады. Олар музыкалық пьесаларды, үйренген билердің әуендерін, ойындарды, билерді есте сақтау және тану, пьесаның жанрын анықтау дағдыларын дамытады-марш, би (полка, вальс), ән.

Бесінші оқу жылында нашар еститін балалар мұғалімнің орындауындағы және жазбадағы музыканы тыңдау кезінде музыкалық қойылымдар туралы түсінігін кеңейтеді. Балалардың назарын оркестрдің, хордың, дауыстардың (ерлер, әйелдер, балалар) дыбысына аударады.

Мектепке дейінгі білім берудің толық курсынан өткен нашар еститін балалар көп жағдайда билеуге, музыканың көңіл-күйіне сәйкес келетін мәнерлі қимылдарды өз бетінше таңдауға, жүргізуші ретінде әрекет етуге деген ұмтылысты дамытады. Балалар қозғалыстарды мәнерлі және ырғақты орындайды, жұптардағы (бағандардағы, шеңберлердегі) қимылдары келісімді болады, ойын бейнелерін сахналық қойылымдарда, дөңгелек билерде мәнерлеп жеткізеді, композиция бойында бейнелі - рөлдік әрекетті сақтайды. Олар әлем халықтарының ұлттық билерінің элементтерімен, тән би қимылдарының ерекшеліктерімен, олардың ырғағымен, мәнерлілігімен таныс болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Губарева, Н.В. Дифференцированный подход в процессе коррекции и развития координационных способностей у школьников с различной степенью нарушения слуха: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Н.В. Губарева. — М., 2009.-24 с
2. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика: Воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений
3. Лях В.И. Координационные способности: диагностика и развитие. - М.: ТВТ Дивизион, 2006. – 290
4. Кагарлицкая А.С., Тугова Н.А, Шелгунова Н.И, Программа музыкально-ритмических занятий, 1988, 1992
5. Ветлугина Н.А, «Музыкальное развитие ребенка», 1968
6. Россихина В.П., Александрова Н.Г. и ритмика Далькроза в нашей стране-В кн: Из прошлого советской музыкальной культуры/238-270
7. Ветлугина Н.А, 1968.
8. Зимина А.Н./Основы музыкального воспитания и развития детей младшего возраста.-М.Просвещение,1989
9. Речицкая Е.Г. Развитие младших школьников с нарушениями слуха в процессе внеклассной работы. М., 2004. — 156 б
10. Яхнина Е.З. Методика музыкально-ритмических занятий с детьми, имеющими нарушения слуха: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений./ Под ред. Б.П. Пузанова. М.: ВЛАДОС, 2003. — 272 б.

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/z3045-5244-5524-s>

БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ТАНЫМДЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Байтақ Ж., Рыспаев И., Сембай А., Зияда Р.

Шығармашылық оқыту білім беру бағдарламаларының музыкалық білім мамандығының
МҚ-411 топ., МҚ-231 топ студенттері

Ғылыми жетекшісі: Таубалдиева Ж.Ш., п.ғ.к., доцент, шығармашылық оқыту білім
беру бағдарламаларының қауымдастырылған профессоры (доцент)

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: z.taubaldieva@mail.ru

Мақалада әңгімелесудің арнайы әзірленген және әзірленбеген түрлерінің әдіс ретінде саз сабағын ұйымдастыруда қолданылуы сарапталып, олардың баланың диалогті сөйлеуін